# ЖАУАП ПАРАҒЫ || ЛИСТ ОТВЕТА

## № 1

## Эссе

«Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің 30 жылдағы оқушы көзімен: тарих, оқиғалар, адамдар»

Сөздің ең ұлысы - тарих
Ахмет Байтұрсынұлы

Қазір, XXI-ғасырда Қазақстан Республикасы тәуелсіз ел. Ел ішіндегі халық аспан астында бейбіт өмір сүруде. Сырттай ешқандай қауіп төніп тұрған жоқ. Ел ішінде де заң бар, бәрі шешімде. Бірақ, біз бұл тәуелсіздікке қалай жеткенімізді, кімнің арқасында жеткенімізді ұмытпауымыз керек. Мен үшін - Тәуелсіздік өте маңызды және мен тәуелсіз елде тұрып жатқаныма қуаныштымын.

① ~~Тәуелсіздіктің~~ дегеніміз - ешкімге, ешқандай да бір елге тәуелді болмау. Өз тілің мен рәміздеріңнің болуы. Бұл өте маңызды. Қазіргі таңның өзінде әлі тәуелсіздік алмаған мемлекеттер бар. Олар бір орталыққа және сол орталықтың шешімдеріне тәуелді. Өздері өз заңдарын қабылдай алмайды.

Қазақстан Республикасы тәуелсіз мемлекет ретінде әртүрлі мемлекеттермен бейбіт келісімшартқа келе алады. Бұл Қазақстан халқының сол елге баруына, сауда-саттық байланыстар, одақтастық құрылуы болуы да мүмкін.

Қазіргі таңда еліміз көптеген мемлекеттермен бейбіт қарым-қатынаста. Оның арқасында біз сол мемлекетке оқуға баруымызға, жұмысқа баруымызға болады.

② Тәуелсіздік нышандарының бірі - рәміздер.

Қазақстанда рәміздер бар. Олар: ту, елтаңба және әнұран. Тудың негізгі түсі - аспан көк. Бұл - біріккен, бейбіт аспан астындағы өмірді білдіреді. Тудың шетінде ою-өрнек орналасқан. Бұл қазақ халқының өнерінің бір белгісі.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

# ЖАУАП ПАРАҒЫ || ЛИСТ ОТВЕТА
## № 1
## Эссе

Ал, туның ортасында күн шұғыласы мен қыран құс бейнеленген. Күн шұғыла - күн сәулелері арқылы нұр болса, қыран құс - шың аспан астында қыран құстай самғау ниетінде салынған.

Елтаңба - шаңырақ негізінде қаланған. Бұл да бір шаңырақ астында әртүрлі адамдардың, ұлттарды жинау ниетімен. Мұнда, мифологиялық тұлпар - қанатты тұлпардың қанаттары орналасқан. Бұл - өз кезегінде сол тұлпардай еркін болып самғау мақсатында. Елтаңбаның астыңғы жағында мемлекетіміздің атауы - "Қазақстан" деп жазылған.

Әнұран - әрбір Қазақстан тұрғыны білуі тиіс әнұран. Мұнда елімізге деген махаббат, сүйіспеншіліктің бәрі жазылған. Патриоттық сезім тудыратын жыр мен сөздер қолданылған. Әнұранның авторлары: композитор - Шәмші Қалдаяқов, сөзін - Нұрсұлтан Назарбаев.

Рәміздердің авторлары: Шота Уалиханов, Мәлібеков. Міне, осы рәміздердің барлығы Қазақстан Республикасы үшін маңызды болып қала бермек. Себебі, рәміздер - бұл тәуелсіздіктің бір маңызды белгісі. Ту - мемлекетті басқа мемлекеттерден ажырату үшін керек. Қалай, еліміздің бас белгісі - десек те болады.

② Қалай, қазақ халқының егемендікке қол іздеуі XIX ғасырдың I жартысында басталды десек те болады. Олар: 1916 жылы Амангелді Иманов бастаған ұлт-азаттық көтеріліс. Патшаның 25 маусымда шыққан, 19-41 жас аралығындағы ер адамдарды қара жұмысқа алу туралы жарлығына наразы болған халық көтеріліске шықты. Көтеріліс стихиялық түрде жүрді. Көтерісшілер жеңіліс, жапа тартылды. Көтерісшілер жеңіліс тапқанымен, бұл олардың рухын көтерді.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

# ЖАУАП ПАРАҒЫ || ЛИСТ ОТВЕТА

## № 1

## Эссе

Алаш зиялылары қазақ халқы үшін маңызы зор адамдар. 1917 жылы Алаш партиясының құрылуы. Сол уақытта автономия алуға халық үміттенеді. Бірақта қанаушылық саясат, сол уақытта қазақтардың еркіндік алуына жол бермейді.

1986 жылғы желтоқсан оқиғасы Қазақстан тәуелсіздік алу жолында, жалпы Қазақстан тарихындағы маңызды оқиғалардың бірі деп санаймын.

1986 жылы 16 желтоқсандағы шешіммен қанағаттанбаған халық. Әкімшілік биліктің ауқымына наразы болады. 17 желтоқсан күні жастар көтеріліске шығады. Желтоқсан оқиғасының салдары қан-төгісті болды. Түрмеге қамалған адам жабылды, таяқ астында қалды, соққыға ұшырағандар көп болды. Көтеріліске қатысқандар оқудан шығарылып, жұмыстан қуылды.

Міне, халқымыздың басынан өткен осы оқиғалар ғасырлар бойы аңсаған Тәуелсіздікке жету жолында маңызды болды деп ойлаймын.

Бар қиыншылық артта қалып, қазір біз тыныш аспан астында, бейбіт өмір сүрудеміз, еркін демалудамыз. Осынау қалай жеткенімізді ұмытпау, бостандығымызды қадірлеп-қастерлеу біздің міндетіміз!



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӨСІПОРНЫ

# ЖАУАП ПАРАҒЫ || ЛИСТ ОТВЕТА
## № 2

| Тесттің № / № теста | 1 нұсқаның жауабы - А / 1 вариант ответа - А | 2 нұсқаның жауабы - В / 2 вариант ответа - В | 3 нұсқаның жауабы - С / 3 вариант ответа - С | 4 нұсқаның жауабы - D / 4 вариант ответа - D |
|---|---|---|---|---|
| 1 | A | | | |
| 2 | | | | D |
| 3 | | | C | |
| 4 | A | | | |
| 5 | | | | D |
| 6 | | B | | |
| 7 | | | C | |
| 8 | | B | | |
| 9 | | | C | |
| 10 | A | | | |
| 11 | | | C | |
| 12 | | B | | |
| 13 | | | C | |
| 14 | A | | | |
| 15 | | | | D |
| 16 | | B | | |
| 17 | | B | | |
| 18 | A | | | |
| 19 | | | C | |
| 20 | | | C | |



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ